

ЖШС «Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы



**«Базаркүл апа» бөбекжай балабақша
менгерушісі**
Г.Тұртбаева

**Түркістан облысы
Жетісай ауданы
«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Өзін-өзі бағалау балабақшасы**

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы,
Ж.Ералиев ауылдық округі, Үтіртөбе елді мекені
«Базаркүл апа» бөбекжай- балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы қарашадағы №908 бұйрығы бойынша 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 5 - 9 - ш і маусым 2023 жылғы № 5- н/қ бұйрығымен құрылды:

1. Г.Туртбаева – балабақша меңгеруші комиссия төрайымы
2. М.Бейсенбаев – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
3. П.Есболова– балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Н.Туртбаев– балабақша шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген PDF форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС-ның екі жыл және ағымдағы жылдың ақпан айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
«Базаркүл апа»бөбекжай – балабақшасы» жауапкершілігі
шектеулісеріктестігі туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Жетісай ауданының «Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	ҚР, 160534, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Ж.Ералиев а/о, Үтіртөбе ауылы, Наурыз көшесі № 32А үй.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	87023903744 (didar.didar.kz@mail.ru)
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Туртбаева Гульшат Диханбаевна «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысының шешімі бойынша тағайындалған.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 28.09.2012 жылы берілген. БИН 120940018128
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы толон қайта 2015 жылғы 09 ақпанындағы № : KZ16XXX00006702 хабарлама берілген.
7	Құрылған жылы	2012 жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты ыңғайластырылған үлгіде
9	Топтар саны	2 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы – минутпен	Кіші жас топ-7-10 мин Ортаңғы топ-15-20 мин
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 75 балаға арналған. 05.03.2013 жылы 75 балаға №17-2-5-49 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. 05.03.2013 жылы 75 балаға №17-2-5-49 санитарлық эпидемиологиялыққорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Балабақша ғимараты бір қабатты ыңғайластырылған жобада, заман талабына сай салынған. Балабақша 50 орындық, 2 топ жұмыс жасайды. Әр топ 25 балаға лайықталған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.30 сағатқа дейін. 2 топ жұмыс жасайды. «Балапан» кіші жас тобы, «Ботақан» ортаңғы тобы. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде.

Әрбір топтың өзіндік жеке демалатын, ойнайтын, тамақтанатын, жуынып шайынатын бөлмелері бар. Бұдан басқа мед кабинет, асхана жұмыс жасайды. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері автономды.

Су орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, шынар, емен т.б. жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңында әр топтың ауласы бөлек қоршаулармен бөлініп, балалардың жас ерекшелігі бойынша түрлі ойнайтын ойыншықтар орнатылған. Сонымен бірге әр аулаға бала отырып демалатын саялы көлеңкелі ойын алаңдары қойылған. Гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті;
- Әдістемелік кабинет;
- Медицина кабинеті
- Теледидар – 2 дана;
- Ноутбук - 2 дана;

Түсті принтер-2 дана.

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» «Ата-аналарға кеңес» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», кітаптар сөресі, «Табиғат бұрышы», дамытушы орталықтар жасақталған.

**«Базаркүл апа» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін
бағалауға арналған өлшемшарттары**

p/c №	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	70 - 75 %	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	75%	2
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкесжабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80 - 94 %	4
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80 - 94 %	3
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің	

	мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80 %-дан100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдыңжасалудеңгейі не қанағаттанған	
		65%-дан79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	

**«Базаркул апа» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:**



Г.Туртбаева

2. Кадрлық құрамға талдау.

Кадрлық құрамды бекіту - «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбекшарты негізінде жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында 4 педагог жұмысатқарады, мамандығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жоғарғы білімді 2 педагог бар.

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» жоғары білімді 1 педагог бар, Басқа мамандығы бойынша 1 педагог жұмыс жасайды.

Меңгеруші-II санатты,

әдіскер-II санатты,

2 тәрбиеші –II санатты,

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды. Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бар педагогтердің үлесі 20% құрады.

1. Туртбаева Гульшат Диханбаевна– Білімі жоғары М.Ауезов атындағы Оңтүстің Қазақстан мемлекеттік университеті. «Қазақ тілі және әдебиеті» 2019 жыл

2. Бейсенбаев Мейірман - Білімі жоғары Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы Университеті «Дене шынықтыру және спорт» 2019 жыл

3. Аманбай Динара – Білімі жоғары Оңтүстік Қазақстан экономикалық – техникалық «Мирас» университеті «Бастауыш білім беру» 2015 жыл

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді);

Жетісай ауданы «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай - балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-балабақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Психолог
4	0%	22, %	0%

Педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі:

2022-2023 оқу жылы			
2021-2022 оқу жылы			
2022-2023 оқу жылы			

3. Тәрбиеленушілер контингенті.

2022-2023 оқу жылында төрт топ жұмыс жасақталды.

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші жас «Ботақан» тобы	2 жастан 3 жасқа дейін	25
2	Ортаңғы «Балапан»тобы	4 жастан -5 жасқа дейін	25

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау:

ЖШС-ның «Базаркүл апа» балабақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеле- нушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	
кіші жас «Балапан»	қазақша	25	10	15				
ортаңғы топ «Ботақан»	қазақша	25				15	10	
Барлығы	2	50	10	15	0	15	10	

4. Оқу әдістемелік жұмыс.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8295 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді;

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттері МЖМБС талаптарына сәйкес «Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелерін бекіту туралы 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығын

және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2022-2023оқу жылына арналған жүктеме сағаттары Білім салалары бойынша:

«Балапан» кіші тобы (2 жастан бастап) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 36 сағат, «Таным» - 72 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы апталық көлемі – 9 сағат, Топтың жылдық оқу жүктемесі-324 сағат қамтылған. ҰОҚ ұзақтығы – 7-10 мин.

«Ботақан» ортаңғы тобы (3 жастан бастап) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Вариативтік бөлім- 1 (36 -сағат). Ұйымдастырылған оқу қызметінің апталық жалпы көлемі – 12 сағат, Топтың жылдық оқу жүктемесі- 432 сағат қамтылған. ҰОҚұзақтығы - 15-20 мин.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 20 наурыз № 7 бұйрығының Жетісай ауданының білім бөлімінің 2020 жылдың 18 наурызында өткен Түркістан облысының аумағында төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік комиссия отырысының № 2 хаттамасының 5 тармағының 5.1.1.-тармақшасындағы облыс бойынша барлық мектепке дейінгі білім ұйымдарының балабақшалары меншік түріне қарамастан жұмыстары тоқтатылсын деп берілген. 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене отырып жас ерекшеліктеріне қарай ата-ана өтінішін негізге алып, карантиндік жағдайда ашылған кезекші топтардың оқу жоспары дайындалды. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы № 595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы № 499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады. Жылдық жүктеме сағаттары.

«Ботақан» кіші (2 жастан бастап) топта «Денсаулық» білім саласында -108сағат, «Қатынас» білім саласында 36 сағат, «Таным» білім саласында -72 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 7-10 минут, апталық оқу жүктемесі - 9 сағат, жылдық оқу жүктемесінің жалпы сағат саны-324сағат

«Балапан» ортаңғы тобы (3 жастан бастап) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Вариативтік бөлім- 1 (36 -сағат). Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 15-20 минут апталық жалпы көлемі

– 12 сағат, Топтың жылдық оқу жүктемесі- 432 сағат қамтылған. ҰОҚұзақтығы - 15-20 мин.

2022-2023 оқу жылында «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8295 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, шығармалардан әсер алуға ықпал ету, өзінше киіпкерлердің ролін сомдауға мүмкіндіктер беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Біртекті заттарды ортақ белгісі пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндіктер беріліп жатыр.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту, заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу, дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы

басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырылуда.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, жақын адамдардың жағдайын эмоционалды қабылдау білуге тәрбиелеу жұмыстары ұйымдастырылуда (жанашырлық, қамқорлық таныту) Ата- аналарын сыйлауға баулу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салуда қауіпсіздік сақтауға, ұқыптылыққа баулу, мүсіндеуде сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылықтарын оятамыз, Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әр түрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру жұмыстарына баулу жіргіземіз, құрастыру күн сайы іс-әрекеттерінде қызығушылықтарын ескере отырып ұйымдастырылады .

Музыканы эмоционалды көңіл- күймен қабылдауға баулу жұмыстары күн бойы ұйымдастырылады. Баяу және көтеріңкі дыбысты ажрата білуге үйретеміз. Жатын бөлмелерде баяу музыка тыңдап ұқтаға ықпал жасаймыз. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың ,оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарымен таныстырамыз.

**«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-2023 оқу жылына
арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Балапан» ортаңғы тобы (4-5 жастағы балалар)	
		апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	2,5	90
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	1	36
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	18
3	«Таным»	2,5	90
	Математика негіздері	1	36
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3,5	126
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18
	Жапсыру	0,5	18
	Музыка	1,5	54
5	«Әлеумет »	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	15-20 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы жүктеме көлемі	12	432
8	Вариативтік компонент	2	72
	Барлығы	14	504

**«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-2023 оқу жылына
арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Ботақан» Кіші жас тобыны (2-3 жастағы балалар)	
		апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	1	36
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	-	-
3	«Таным»	2	72
	Математика негіздері	-	-
	Сенсорика	0,5	18
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3	108
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,25	9
	Жапсыру	0,25	9
	Музыка	1.05	54
5	«Әлеумет»	-	-
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған орта	-	-
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7 -10 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктеме көлемі	9 сағ	324
	Барлығы:	9 сағ	324

«Базаркүл апа» бөбекжай «Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Ботақан» ортаңғы тобының (4-5 жастағы балалар)	
		апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	2,5	90
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	1	36
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	18
3	«Таным»	2,5	90
	Математика негіздері	1	36
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3,5	126
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18
	Жапсыру	0,5	18
	Музыка	1,5	54
5	«Әлеумет »	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	20-25 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы жүктеме көлемі	12	432
8	Вариативтік компонент	2	72
	Барлығы	14	504

**«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2021-2022 оқу жылына
арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Балапан» Кіші жас тобыны (2-3 жастағы балалар)	
		апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	1	36
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	-	-
3	«Таным»	2	72
	Математика негіздері	-	-
	Сенсорика	0,5	18
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3	108
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,25	9
	Жапсыру	0,25	9
	Музыка	1.05	54
5	«Әлеумет»	-	-
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған орта	-	-
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7 -10 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктеме көлемі	9 сағ	324
	Барлығы:	9 сағ	324

«Базаркүл апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2021-2022 оқу жылына

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары 2022-2023 оқу жылы үшін**

Рет №	Ұйымдастырылған іс -әрекет	Ортанғы топ(4-5жастағы балалар) «Ботақан» тобы	Кіші (2жастағы балалар) «Балапан» тобы
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына Бір рет	-
	қазақ тілі	Күн сайын	Күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	Аптасына екірет	Аптасына бір рет
	Музыка	Күн сайын	Күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс шаралар	Күн сайын	Күн сайын

2022-2023 оқу жылына арналған жүктеме сағаттары

«Балапан» кіші тобы (2-3 жасқа

дейінгі)ұйымдастырылған оқу қызметінің

кестесі

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім саласы					
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру (1)
«Қатынас» - 1		Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-2 апта		Көркем әдебиет (0,5) 3-4 апта	
«Таным» - 2	Құрастыру (0,5) 1-2 апта Сенсорика (0,5) 3-4 апта				Жаратылыстан у (1)
«Шығармашылық» 3	1- Мүсіндеу (0,25) 1-апта Жапсыру (0,25) 2-апта	Музыка (0,5) 1-2 апта			Сурет салу (1)
«Өлеумет» - 0,5					

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат

Ұйымдастырылған оқу қызметінің уақыты 7-10 мин

2022-2023 оқу жылына арналған жүктеме сағаттары

**«Ботақан» ортанғы топ (4-5 жасқа дейінгі)
ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім беру салалары					
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»- 2,5	Сөйлеуді дамыту (1,0)		Көркем Әдебиет (1)	Орыс тілі (0,5) 1-2 апта	
«Таным»-2,5	Құрастыру (0,5) 1-2 апта		Математика негіздері (1,0)		Жаратылыстану (1,0)
«Шығармашылық»-3,5	Музыка(1,0)	Мүсіндеу (0,5) 3-4 апта	Музыка 0,5) 2-4 апта	Сурет салу (1,0)	Жапсыру (0,5) 3-4 апта
«Әлеумет»-0,5			Қоршаған ортамен танысу (0,5) 1-2 апта		
Вариативтік компонент- 2		«Ертегілер елінде» (1,0)		«Зерттеу іздестіру ойындары» (1,0)	
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12 Ұйымдастырылған оқу қызметінің уақыты 20-25 мин					

Барлығы: 14 сағат

**2021-2022 оқу жылына арналған жүктеме
сағаттары**

**«Балапан» кіші тобы (2-3 жасқа дейін)
ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім саласы					
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)
«Қатынас» - 1		Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-2 апта		Көркем әдебиет (0,5) 3-4 апта	
«Таным» - 2	Құрастыру (0,5) 1-2 апта Сенсорика 3-4 апта				Жаратылыстану (1)
«Шығармашылық» 3	Музыка (1)	Мүсіндеу (0,25) 1- апта		Сурет салу(1) Жапсыру (0,25) 3- апта Музыка (0,5) 1-2 апта	
Әлеумет - 0,5					
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны - 9 сағ Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7– 10 минут				

2021-2022 оқу жылына арналған жүктеме сағаттары

**«Ботақан» ортанғы тобы (4-5 жасқа
дейінгі) ұйымдастырылған оқу
қызметінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім беру салалары					
«Денсаулық» -3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	
«Қатынас»- 2,5		Сөйлеуді дамыту (1,0)		Көркем әдебиет (1)	Орыс тілі (0,5) 1-3 апта
«Таным»-2,5	Құрастыру (0,5) 1-3 апта		Математика негіздері (1,0)		Жаратылыстану (1,0)
«Шығармашылық»-3,5		Сурет салу (1,0)	Музыка (1,0)	Жапсыру (0,5) 1-3 апта Мүсіндеу (0,5) 2-4 апта	Музыка (0,5) 2-4 апта
«Әлеумет»-0,5	Қоршаған ортамен танысу (0,5) 2-4 апта				
Вариативтік компонент- 2		«Он саусаққа, он өнер» (1,0)		«Әжем айтқан ертегі» (1,0)	
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12 Ұйымдастырылған оқу қызметінің уақыты 20-25 мин					

Барлығы: 14 сағат

**Ортаңғы (4-5 жастағы балалар) «Ботақан» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

ҮІӨ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру – 3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	
Қазақ тілі-1					Қазақ тілі (1.0)
Музыка – 1		Музыка (1,0)			

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

Рет №	Ұйымдастырылған іс -әрекет	Ортаңғы топ
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	қазақ тілі	аптасына бір рет
	қазақ тілі	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс шаралар	күн сайын

Ортанғы (4-5 жастағы балалар) «Ботақан» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекет кестесі

ҮІӘ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру 3	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	
Қазақ тілі-1		Қазақ тілі (1.0)			
музыка – 2		Музыка (1,0)		Музыка (1,0)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

№	Ұйымдастырылған іс -әрекет	Ересек топ
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	қазақ тілі	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына екі рет
	Музыка	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс шаралар	күн сайын

Инновациялық технологиялар:

«Денсаулық сақтау технологиясы»

«Ойын» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы

«Триз» технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технология «Танграм»

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А.Зайчевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

Никитін кубиктері

2022-2023оқу жылында «Базаркүл апа» бөбекжай - балабақшасы ЖШС барлық топтарды жүйелейтін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007жылғы Заңының 5-бабының б)тармақшасына, ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымшасына және ҚР Үкіметі 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2016жылғы 13 мамырдағы ҚР Үкіметінің №292 қаулысымен, короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министирлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып 2022-2023оқу жылында педагогикалық ұжымы келесі мақсат міндеттерді орындап шықты.

Балабақшаның жылдық мақсаты:

1. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың өмірін және денсаулығын нығайту,салауатты өмір салтына тәрбиелеу Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету. Ата-аналармен бірлесе отырып,баланың тұлғасын дамытуға бірынғай білім беру кеңестігін қалыптастыру. Отбасының тәрбиесін,әдептерін,дәстүрлерді сақтауын ескере отырып балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасадық;
2. МДМ білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы педагогтардың іс-тәжірибесін кеңейту жұмыстары;
3. Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту .Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы түрдежұмыс жасалды. Ұйымдастырылған оқу қызметі бес білім беру салаларыбойынша жүргізілді. Сонымен қатар педагогтар ата-анамен байланыс жұмыстарын ата-аналар жиналысы,ағарту жұмыстары,бала тәрбиесі жайында кеңестер беріп ата-аналармен біріккен

шығармашылық жұмыстар ұйымдастырып толықтырылып отырды.

2022-2023 оқу жылында балабақшада барлығы 2 кезекші топ жұмыс істеді. Қашықтан оқыту жұмыстарымен қатар кезекші топтар жұмыс жасады. Балабақша санитарлық талаптарды орындай отырып (алгоритм) жұмыс жасады, бетперделер дайындалып белгіленген уақытқа сай бетперделерді ауыстырылып тұрдық. Топтарды желдету, белгілеген уақытпен жүргізілді. Топтарда антисептиктер, бетперделер, ылғалды сүрткіштер қолданылды.

Оқыту апталық жүктемесі әр топтың жас ерекшеліктеріне сай, 2 жастан 5(6)жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Оқыту және тәрбиелеу барысы барлық топтарда оқу жылының басында қашықтан оқыту бойынша өткізілді. Педагогикалық ұжымға қашықтан оқыту бойынша бейне сабақтар

дайындауда әрдайым әдістемелік көмек берілді. Жыл басынан бастап атаулы күндері «Білім күні» онлайн форматта өткізілсе, «Тіл мерекесі», «Берекелі Алтын күз», «16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні», «Президент күні!», Жаңа жыл мерекелік ертеңгіліктер өткізіледі. Наурыз айында аналар мерекесі, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі тойланады. Мамыр айында достық күні тойланып, 9 мамыр Жеңіс күніне ертеңгілік ұйымдастырылып тойланады. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Таңертеңгі қабылдауда баланың дене температурасы, көңіл-күйі, үйдегі жай-күйі жайында ата-аналардан сұрап қабылдау жүргізілді. Педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыру, жаңа инновациялық әдістерді пайдалану мақсатында ашық оқу көрсетілімдер өткізілді. Жоғары деңгейде өтілген оқу қызметтері «Оюлар» тақырыбында тәрбиеші Д.Аманбай.

«Епті саусақтар» тәрбиеші М.Бейсенбаев.

«Тәуелсіздік ел тірегі» тақырыбында Ұлттық ойындар сайысы, «Кім күшті-кім епті», «Біз болашақ спортшылар» тақырыбында спорттық сайыс, «Ұлыстың ұлы күні- Наурыз» «Ұлы Жеңіс туы желбіресін», «Бала өмірдің гүлі» тақырыптарында мерекелік ертеңгілікте өткізілді. «Достығымыз жарасқан», «Жаз мезгілі тамаша» сурет көрмелері Жоспарланған мерекелер өз уақытында, кезекші топтар ережелерін сақтай отырып ұйымдастырылады.

Бақылау және басшылық

Оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылды.

Бақылаудың мынадай түрлері өткізілді: тақырыптық, шолу, ағымдағы және

жан-жақты. Тақырыптық бақылау тәрбиешінің жұмыс істеу жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздеді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, әдістемелік кеңестің талқылауына шығарылды.

2022-2023 оқу жылында «Базаркүл апа» бөбекжай-балабақшасы 2022-2023 оқу жылынды тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды.

Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың тұлғасын дамытуға бірінғай білім беру кеңестігін қалыптастыру. Отбасымен бірігіп балалардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында, оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру

Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтынының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. Бала денсаулығын нығайту мен сауықтыру шараларының жүйесін жетілдіру.

Шығармашылық ойлау мәдениеті, эстетикалық талғамды дамыту. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалардың шығармашылығын қалыптастыру. Отбасы мен балабақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату. Алынған міндеттерді іс асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шараларды жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін бес білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық- кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланы қабілетін қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Дені сау баланы тәрбиелеу, балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту, ұлттық, спорттық ойындардың элементтерімен танысу мақсатында «Алға балақай»,

«Шынықсаң шымыр боласын» тақырыбында спорттық сайыстар ұйымдастырылды. «Асфальт үстіне сурет салу», «Кітап көрмесі», «Ең қызықты ертегі сахналау», «Менің ауылым», «Көктемгі табиғат», «Аспан сырлары» тақырыбындағы сурет көрмелері, қауіпсіздік іс шаралары жүргізілді.

«Ғажайып сандар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші, «Менің дене мүшелерім» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші өткізді. «Табиғат аясындағы ережелер», «Ағаштар» «Әсем шарлар» тақырыбындағы ашық оқу қызметтері ұйымдастырылды. Баланың ауызекі байланыстырып сөйлеуін, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, танымдық зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында озық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жұмысымызды жалғастырудамыз

Ата-аналармен өзара қарым-қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құра отырып ертеңгіліктер мен ашық есік күндері өткізілді. Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Сыңғырла күміс қоңырау!», «Ана тілім-қазақ тілім!», «Сиқырлы күз», «Тәуелсіздік тұмарым!», «Қош келдің Жаңа жыл!», «Аналарды сүйемін!», «Нұрын төккен, нұр көктем!», «Қазақстан Халықтарының бірлігі», «Ұлы жеңіс жасасын!», «Қош бол балабақша!» ертеңгіліктер, «Мен анама сенемін» аналар ортасында сайыс, «Сиқырлы күз», «Қазақ ұлттық бұйымдар», қол өнер көрмесі «Гүлді аллея акциясы» іс-шаралары жоғары деңгейде ата-аналармен біге өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды.

5. Оқу-материалдық активтер

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру негізгі мақсатқа алынды. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	«Ботақан» ортанғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Самокаттар, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Паравоз», «Қояндар», «Автобус», «Өрт сөндірушілер», Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Кітап бұрышы «Жалқау мысық», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Маша мен аю», «Қаршақыз бен жеті құртақан», «Менің сүйікті ертегілерім», «Үйрек түлкіге қалай алданды?», «Түлкі мен қоян», «Шыны таудағы ханша», «Ертегім неткен, мұратына жеткен», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Горилла адам, Маугли», «Қойшы бала», «Жалқау қоян» ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы. «Табиғат сыйы» альбом, жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, сөйлейтін әліппе Сюжеттік рөлдік ойындар: «Асхана», «Жол полициясы», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде» «Шаштараз». Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Түрлі түсті қасықтар, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі – түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, домино, мазайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Магнит тақта, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, құм сағаттар, ұннан жасалған күлшелер, жаңғақ шакқыш, пипеткалар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, перакидалар, құрастырғыштар жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, борлар. Музыкалық ойыншықтар

		Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністер, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкарлардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, жәшіктерге егілген пияз көшеттері. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Астанам», «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала құстары» альбомдары
4	«Балапан» кіші тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, сауықтыру шарасына арналған құралдар, гигиеналық шараларға арналған ойындар пакеті. Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Артикуляциялық гимнастика картотекалары, түрлі-түсті суретті альбомдар «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», «Жәндіктер», «Құстар», «Тәтті нандар» Санамақтар, Тақпақтар жинағы, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Түлкінің жорықтары», «Қызыл телпек», «Әтеш пен тотықұс», «Жеті лақ», «Үш көбелек», «Түлкі мен қарға», «Етік киген мысық», «Төрт түлік», «Көңілді көжек», Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Дидактикалық ойындар картотекалары, үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, түстер, көп-аз, жуан жінішке, үлкен кішкентай ойындарына арналған картотекалар. Танымдық дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойын картотекасы, мазайка, перапидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар, шелект ер, сырмалар, баулар, кітапшалар фетрден Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері: Қуыршақ театры «Ақымақ қасқыр», «Үш аю», «Үш торай», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Көкөністер дауы», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Дүкенші», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшалар. ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру «Көліктер», «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше»

6. Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылғабалалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды, мына міндеттер алынды.

1. Бәсекеге қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы денсаулық құндылықтарын қалыптастыру. Өз денсаулығына саналы түрде қарауға салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Баланың денесін үйлесімді дамыту, спорттық қимыл ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру, жілдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру.

2. Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру, қазақстандық патриотизмді, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

3. Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру өлеңдер жаттату, кітаптарды оқып беру, кітап бұрышын ұйымдастыру.

4. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынас орнату.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Ата-аналарды балабақша өміріне араластыру мақсатында «Кітап алтын қазына» акциясы ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» бұрышына ата-аналар балаларға арналған кітаптар сыйлады.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік

минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Кітап бұрышын жасау, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру қолға алынып жатыр.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2022-2023, 2021-2022, оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы.

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:

-Ұйымдастырушылық (ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі);

-ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек;);

-Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету);

ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

2022-2023 оқу жылында ата-аналардың білім мазмұнына белсенді араласу, қатысу, талдау жұмыстарына тарту мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргізілді. Мақсаты: оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау. Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

Сауалнаманың нәтижесінде балабақшада 50 бала білім алады, бітірушілер 25 бала, сауалнамаға 25 ата-ана қатысқан, 100%. Қатысқан ата-аналардың арасында сауалнамадағы жалпы сұрақтар санынан «Толығымен келіспеймін»-0 %, «Келіспеймін»-0%, «Келісемін»-26.3%, «Толығымен келісемін» - 68.9% жауаптар болды. Сауалнама нәтижелері барлық ересек топ тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балалардың игерген білім, білік дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр 96,1 %.

Ата-аналардың білім беру мекемесі мен педагогтардың жұмысына қанағаттану коэффициенті 100% құрады. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұранысына тілектерін қарастыруға және ескеруге мүмкіндік береді.

Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері.

Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойынарқылы оқыту, түсіндіре басқарып оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс- тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша

киналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады.

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

«Базаркүл апа» бөбекжай - балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өзіндік бағалау 2023 маусым айының 05-10 аралығында өтті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

- 1.Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеуде жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
- 2.Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Комиссия төрайымы
«Базаркүл апа» бөбекжай
балабақша менгерушісі:



Г.Туртбаева

Мүшелері: Тәрбиешілер



Д.Аманбай
М.Бейсенбаев